

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісі

№1 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

1.09.2023ж.

Қатысқандар: Исмагулова Ж.С.- АК төрағасы, доцент м.а., Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Абибуллаева А., - PhD, аға оқытушы, Аманов Ә - PhD, аға оқытушы, Искендірова Г.С.- аға оқытушы, Байжанов М.Д. - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы Исаков Д. - МАЖ-311 тобының 1 курс магистранты, Сырлыбаева Д.-ААЖ-011 тобының студенті

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну;
2. Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу;
3. Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну

Тыңдалды:

1. *Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы Ж.С.Исмагулова:* бірінші мәселе бойынша Академиялық комитеттің құрамын қайта бекітуді ұсынды. Академиялық комитеттің бұрынғы мүшесі магистрант Нұртаза Аяжанның университетті бітіріп кетуіне байланысты орныны 1-курс магистранты Исаков Давронды ұсынатынын жеткізді.

- академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін, жалпы ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, осы мәселелермен байланысты, АК мүшелерінде кімде қандай ұсыныс бар?- пікірлерін ортаға салып талқылауды ұсынды.

2. *Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, бірінші мәселе бойынша:* Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру жұмыстары туралы айта келіп, Академиялық комитет құрамына мүшесі ретінде 4-курс студенті Сырлыбаева Дариғаны ұсынды

3. *АК мүшесі Жунисов Н.М. бірінші мәселе бойынша:* «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс ережелерімен таныса келе, ұйымдастыру бойынша өз ұсынысын ортаға салды, сонымен қатар комитет құрамына 1-курс магистранты Исаков Даврон мен Сырлыбаева Дариғаны ұсынуды қолдайтындығын білдірді.

4. *АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Байжанов М.Д. екінші мәселе бойынша:* алдымен сіздермен бірге әріптес ретінде, академиялық комитеттің іс-шараларын ұйымдастыруға, талқылауға қатысып отырғаныма қуаныштымын. Қазіргі таңда «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша білім бағдарламаларын меңгерген түлектер өзінің кәсіптік қызмет саласында жүйелерді жобалау, әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және есептеу жүйелері мен желілерді сүйемелдеу, тестілеу саласында қызметтерін көрсете алатындай болуы тиіс және осы бағытта біз де

осы бағыттар бойынша қолдау көрсетуге дайынбыз, - деп өзінің ұсыныстарымен толықтырып өтті.

5. АК мүшесі Амиртаев К.Б.- жалпы АК мәжілісінің күн тәртібіне қойылған мәселерге өз пікірін айта келіп, сонымен қатар АК құрамына енгізілген өзгерістер ұсыныс қолдау білдіретінін айтты.

6. АК төрағасы Ж.С.Исмагулова қорытынды сөз алып: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша АК ережесі таныстырылды, АК жұмыс жоспары әзірленді, сонымен қатар АК құрамы және Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылды.

АК мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады.

Шешім:

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылына атқарылатын іс-шаралар жоспары түзілсін;

МАЖ-311 оқу тобының магистранты Исаков Даврон және ААЖ-011 оқу тобының құрамына ұсынылсын;

Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

**Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрайымы:**



Ж.С.Исмагулова

Хатшы:



Г.С.Искендірова